

Веренка жалпы негізгі білім беретін мектебі 8 А сыныбының
2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысы бойынша атқарылған жылдық
есебі.

2023-2024 оқу жылының басында 8 А сыныбында 10 оқушы, 2 ұл бала, 8 қыз бала. 2023-2024 оқу жылына міндеттер айқындалды, ұйымдастыру шаралар іске асты. Оқу жылының басында мақсат, міндеттер айқындалды. Ұйымдастыру шаралары іске асты: сынып жетекшілер тағайындалды, оқушылардың және ата-аналардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жиналды, сынып бөлмелері бекітіліп, белгіленді.

Оқу жылының басында «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша, оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын ояту мақсатында, сынып ішінде Оқуға құштар бұрышы жасалынды. Және ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Ұлттық бұрыш» жасалынды. 2023-2024 оқу жылында жыл бойында сынып оқушыларын еңбексүйгіштікке, адалдыққа, өз Отанын құрметтеуге, мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында тәрбие құндылықтарының 3 бағыт бойынша тәрбие жұмыстары жүргізілді. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

1. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келсім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
2. Жақсылыққа игілікке бой түзеуге абыройлы болуға ар ұждан намыс, жауапкершілік мейірімділік қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
3. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға ойдың тазалығын және эмоцияналды тұрақтылыққа баулу.
4. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу. Оқу жылында сынып тәрбие жұмыстары «Біртұтас тәрбие» бағдарламасындағы тәрбие құндылықтары «Ұлттық мүде», «Ар-ұят», «Талап» жүзеге асырылды.

Осы құндылықтарды басшылыққа ала отырып жылдық тәрбие жоспары құрылып жұмыстар атқарылды.

«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Ғасыр қасіреті-ЖТҚБ», «Кибербуллингтің зардаптары», «Әлеуметтік желіні дұрыс пайдалану» атты тақырыптарға сынып сағаттары өткізілді. Және «Өз ағашыңды ек» акциясы жобасы аясында сынып оқушылары өз ағаштарын отырғызды, көшеттерін отырғызып, оларды қалай баптау керектігі жайлы мәліметтермен таныстырылды.

Ата-аналар жиналыстары өтіп, сынып тоқсан сайын қорытындыларын жалпы ата-аналар жиналысында айтылып отырды. 15.10.2023ж. «Жанұя бақыты» ата-аналар қауымдастығына жиналыс өткіздім, барлығы келіп қатысты.

Оқу жылдың аяғын 9 оқушымен аяқтадық. Оның 8 қыз, 1 ұл бала. Оның оқу озаты - 2, оқу екпіндісі - 4. 24- мамыр күні «Білімім Отаным» атты сынып сағатымен қорытындыланып, «Қауіпсіз жаз» ескертпелері бойынша түсіндіру жұмыстарымен жылды қорытындыланды.